

## **Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы**

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан N 1787-ХІІ Заңы.

### **МАЗМҰНЫ**

Ескерту. Қазақстан Республикасының аталмыш Заңының күші 1997 жылғы 1 сәуірге дейін тоқтатылды: төтенше, ең жоғары, жоғары, ең төмен радиациялық қауіпті аймақтарда және жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрған және тұратын азаматтарға бір жолғы ақшалай өтемақылар төлеуге қатысты бөлігі, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға арнап республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны 1,5 есе көбейтуге қатысты бөлігі - ҚР Президентінің 1994.03.20. N 1612 Жарлығымен.

Ескерту. 12-баптың бір тармақшасының 1, 2, 3, 4, 5, 6 бөліктерінің күші қайта қалпына келтірілді - ҚР Заңының 1994.12.07. N 119.

Семей ядролық сынақ полигонында 40 жыл бойы жүргізілген ядролық қаруды сынау адамдардың денсаулығына және айналадағы табиғи ортаға орны толмас зиян келтірді, халықтың жалпы аурулары мен өлімін көбейтті. Бүкіл Семей аумағы мен Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының полигонға жақын жатқан аудандары экологиялық апат аймағы деп танылды.

Ядролық сынақтардың апатты зардабының қатерлі әсері уақыт озған сайын күшейе түсіп, ұрпақтан-ұрпаққа, ауысып, барған сайын қатерлі әсер етуде.

Бұл зардаптарды жою халықты емдеу, сауықтыру, оңалту, әлеуметтік қорғау және аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруды талап етеді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **1-тарау**

#### **Жалпы ережелер**

##### **1-бап. Заңның мақсаттары мен міндеттері**

Бұл Заң Семей ядролық сынақ полигонындағы ұзақ уақыт ядролық сынақтар жүргізудің салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау ісін қамтамасыз етуге арналған.

Заң көп жылдық ядролық жарылыстар әсерінен зардап шеккен азаматтардың мәртебесі мен аумақтардың түр-түрін белгілейді, өтемдер, жеңілдіктер түрлерін және аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі шараларды айқындайды.

## **2-бап. Азаматтардың өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруға құқығы**

Осы Заңның 10-бабында аталған азаматтар категориясының өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын осы Заңның 12, 13, 14, 15-баптарымен айқындалған мөлшерде толтыртуға құқығы бар.

Бұл Заңның күші Семей облысының аудандары мен қалаларында және Павлодар , Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарының ядролық қарулы сынау салдарынан радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған тиісті аудандарында тұратын азаматтарға қолданылады.

Аталған аудандар мен қалалардан басқа жерге тұру үшін кетіп қалған, осы Заң қолданылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын азаматтар осы Заңмен көзделген жеңілдіктерді пайдаланады.

Аталған аудандар мен қалалардан басқа жерге тұру үшін кетіп қалған, осы Заң қолданылатын және Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде тұратын азаматтар халықаралық келісімдерге сәйкес осы Заңда көзделген жеңілдіктерді пайдаланады.

## **3-бап. Мемлекеттің ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтар құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері**

Республикалық және жергілікті мемлекеттік органдар ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыртуға құқықтарын қамтамасыз етуге міндетті.

Осы Заңды іске асыру жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру және азаматтарды құқықтық қорғау жөніндегі міндеттерді мемлекет өз мойнына алады.

## **2-тарау**

### **Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақты түр-түрге бөлу**

## **4-бап. Ядролық сынақ жүргізген кезде радиоактивті шөгінділердің әсеріне ұшыраған аумақты түр-түрге бөлу**

Сәулеленудің әсерлі эквивалентті мөлшері бүкіл сынақ кезеңінде халық үшін 0,1 бірден асатын аумақ ластанған деп есептеледі.

Залалданған аумақтар әсерлі эквивалентті мөлшерінің шамасына қарай:

- төтенше радиациялық қауіпті аймақ;
- ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ;
- жоғары радиациялық қауіпті аймақ;
- ең төмен радиациялық қауіпті аймақ;
- жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ деп бөлінеді.

Аумақтағы шаруашылық қызмет түрлерін және оны ұйымдастыру тәртібін, табиғат пайдалану көлемін және экологиялық оңалтуды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Экологиялық апат аймақтарының шекаралары және оларға кіретін аудандардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы Заңға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы өзгертіледі.

**Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **5-бап. Төтенше радиациялық қауіпті аймақ**

Төтенше радиациялық қауіпті аймақ - аумақтың бүкіл сынақ кезеңінде халыққа 100 бәрден жоғары әсер ететін мөлшері бар радиациялық ластануға ұшыраған, ең жоғары сейсмикалық әсер белдеуіне кіретін бөлігі.

Төтенше радиациялық қауіпті аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы, Сарыжал ауылдық округінің, Бесқарағай ауданы, Долон ауылдық округінің, таратылған Жаңасемей ауданының Сарыапан және Иса елді мекендерінің аумақтары жатады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

#### **6-бап. Ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ**

Ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ - аумақтың бүкіл сынақ кезеңінде халыққа 35 -тен 100 бэрге дейін әсер ететін мөлшері бар радиациялық ластануға ұшыраған бөлігі.

Ең жоғары радиациялық қауіпті аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Абай, Бесқарағай және таратылған Жаңасемей аудандарының, Семей қаласы Ақбұлақ, Абыралы, Алғабас, Айнабұлақ, Қараөлең және Таңат ауылдық округтерінің, Павлодар облысы Май ауданы Ақжар және Малдар ауылдық округтерінің елді мекендері жатады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.**

#### **7-бап. Жоғары радиациялық қауіпті аймақ**

Жоғары радиациялық қауіпті аймақ - бүкіл сынақ кезеңінде 7-ден 35 бэрге дейін халыққа әсер ету мөлшеріндегі радиациялық ластануға ұшыраған аумақ бөлігі.

Бұл аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха, Жарма, Аягөз, Глубокое, Шемонайха, Ұлан аудандарының елді мекендері, Семей, Курчатов, Өскемен және Риддер қалалары; таратылған Қазыбек би ауданының аумағы шегінде Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы, Павлодар облысының Май ауданы жатады.

**Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **8-бап. Ең төмен радиациялық қауіпті аймақ**

Ең төмен радиациялық қауіпті аймақ - аумақтың бүкіл сынақ кезеңінде халыққа 0,1-ден 7 бэрге дейін әсер ететін мөлшері бар радиациялық ластануға ұшыраған бөлігі.

Ең төмен радиациялық қауіпті аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Үржар, таратылған Таскескен, Көкпекті, Ақсуат, Зырян, Зайсан және Тарбағатай аудандарының; Қарағанды облысының таратылған Қазыбек би ауданының аумағын қоспағанда, Қарқаралы ауданының; Павлодар облысының Лебяжі ауданының елді мекендері жатады.

**Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **9-бап. Жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ**

Жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ - бүкіл сынақ кезеңінде тиімді эквивалентті сәулелену мөлшері әртүрлі себептерден 0,1 бәрден төмен болған, бірақ радиациялық қауіпті және сейсмикалық қауіпті аудандарға жақын тұруға байланысты елеулі психикалық-эмоциялық теріс әсері бар ең төмен радиациялық қауіпті аймаққа таяу жатқан аумақ (әкімшілік аудандардың шекарасы шегінде).

Бұл аймаққа Павлодар облысының Баянауыл ауданы жатады.

### **3-тарау**

#### **Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың мәртебесі**

#### **10-бап. Заңның күші қолданылатын, ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтар категориясы**

Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға мыналар жатады:

әуеде және жер үстінде ядролық жарылыстар жасаған кезеңде (1949-1965 жж.) радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) атқарған азаматтар;

1966 жылдан 1990 жылғы 1 қаңтарға дейінгі аралықта жерасты ядролық жарылыстарын жасау кезеңінде осы аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) атқарған азаматтар;

1949 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) атқарған азаматтар;

осы баптың екінші және үшінші абзацтарында аталған адамдардың мүгедектігі бар немесе иондаушы сәулеленудің әсерімен байланысты аурулар тізбесімен бекітілген аурулары бар балалары, олардың денсаулық жағдайы мен Заңда көрсетілген аймақтарда ата-анасының біреуінің болу фактісі арасындағы себепті байланыс анықталған кезде.

**Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **11-бап. Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың куәлігі**

10-бапта аталған адамдарға куәлік беріледі, ол осы Заңда көзделген жеңілдіктер мен өтемдерге құқықты растайтын құжаттар болып табылады.

Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және оларға куәліктер беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылды.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **4-тарау**

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау**

## **12-бап. Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға берілетін жеңілдіктер мен өтемақылар**

Осы Заңның 5, 6, 7, 8 және 9-баптарында көрсетілген аймақтарда тұрған және тұрып жатқан азаматтарға ядролық сынақтардан келтірілген залал үшін:

1) төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1949 – 1965 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 5,23 айлық есептік көрсеткіш және 1966 – 1990 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 1,05 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1949 – 1965 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 2,62 айлық есептік көрсеткіш және 1966 – 1990 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 1,05 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1949 – 1965 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 1,57 айлық есептік көрсеткіш және 1966 – 1990 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 0,79 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1949 – 1965 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 1,05 айлық есептік көрсеткіш және 1966 – 1990 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 0,52 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақтағы аймақ бойынша – 1949 – 1990 жылдар кезеңінде тұрған әрбір жыл үшін 0,26 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақыға кепілдік беріледі.

Ядролық сынақтардан келтірілген залал үшін біржолғы ақшалай өтемақы алу құқығын бірінші кезекте зейнеткерлік жасқа толған азаматтар пайдаланады.

Айлық есептік көрсеткіш дегеніміз ядролық сынақтардан келтірілген залал үшін біржолғы ақшалай өтемақы берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш болып табылады.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 N 180-V Заңымен (01.04.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **13-бап. Халықты әлеуметтік жағынан қолдау**

Осы Заңның 5 және 6-баптарында көрсетілген аумақтарда тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтардың зейнетақыға аймақтар бойынша мынадай мөлшерде үстемеақы алуға құқығы бар:

төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 2,09 айлық есептік көрсеткіш;  
ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,83 айлық есептік көрсеткіш.

5, 6, 7, 8, 9-баптарда аталған аумақтарда тұратын халық:

1) Мына аймақтар бойынша төмендегідей қосымша еңбекақы алуға:

төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 2 айлық есептік көрсеткіш;  
ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 1,75 айлық есептік көрсеткіш;

жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 1,5 айлық есептік көрсеткіш;

ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 1,25 айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ бойынша - 1 айлық есептік көрсеткіш алуға құқылы.

2) Алынып тасталды

3) Мына аймақтар бойынша төмендегідей жыл сайын ақысы төленетін қосымша демалыс алуға:

төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 14 календарьлық күні бар;

ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 12 календарьлық күні бар;

жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 10 календарьлық күні бар;

ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша - 7 календарьлық күні бар;

жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ бойынша 5 календарьлық күні бар демалыс алуға құқылы.

**ҚР Конституциялық Сотының 25.09.2023 № 30-НҚ нормативтік қаулысымен осы Заңның 13-бабы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды.**

**Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді, ол заңды күшіне 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап енеді - ҚР 1997.06.19 N 134; 1999.11.16. N 480; 31.03.2014 N 180-V (01.04.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**14-бап. Әйелдерге, балаларға және жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына берілетін қосымша жеңілдіктер мен өтемдер**

Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын әйелдердің жүктілікке және босануға байланысты ұзақтығы:

қалыпты босанған кезде – босануға дейін күнтізбелік тоқсан бір күн және босанғаннан кейін күнтізбелік жетпіс тоғыз күн (қиын босанған немесе екі және одан көп бала туған жағдайда – күнтізбелік тоқсан үш күн);

жүктіліктің жиырма екінші аптасынан жиырма тоғызыншы аптасына дейінгі мерзім кезінде босанған және дене салмағы бес жүз және одан артық грамм бала туып, ол жеті тәуліктен астам өмір сүрген жағдайда – босанғаннан кейін күнтізбелік тоқсан үш күн;

жүктіліктің жиырма екінші аптасынан жиырма тоғызыншы аптасына дейінгі мерзім кезінде босанған және өлі шарана туған немесе дене салмағы бес жүз және одан артық грамм бала туып, ол өмірінің жетінші тәулігіне дейін шетінеп кеткен жағдайда – босанғаннан кейін күнтізбелік жетпіс тоғыз күн демалысқа құқығы бар.

Ядролық сынақтар әсерінен зардап шеккен аумақтарда тұратын балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің санаторий-сауықтыру мекемелерінде тегін сауығуға ( медициналық көрсеткіштер бойынша) құқығы бар.

Сырқат баланы күту жөніндегі жұмысқа жарамсыздық парағына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ата-ананың біреуіне немесе олардың орнындағы адамдарға, жұмыс стажына қарамастан, бүкіл сырқаттанған кезеңге ақы төленеді.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда және өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.17 N 323 ( 1999.01.01 бастап күшіне енеді), 1999.07.04 N 374; 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **15-бап. Әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне берілетін жеңілдіктер туралы**

Ластанған аумақтарда әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген кезде резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, әскери қызметшілер және осы органдардың қызметкерлері осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **5-тарау**

**Аумақты экологиялық жағынан сауықтыру және халыққа медициналық көмек көрсету**

#### **16-бап. Ядролық жарылыстар әсеріне ұшыраған аумақты экологиялық жағынан сауықтыру**

Семей полигонындағы ядролық жарылыстар әсеріне ұшыраған аумақтарда айналадағы табиғи ортаны сауықтыруға бағытталған мынадай кешенді шаралар жүзеге асырылады: айналадағы ортаны ғылыми тұрғыдан зерттеу, сыртқы орта объектілерін және жергілікті жерде өндірілетін тамақ өнімдерін тұрақты бақылауды жүзеге асыру, шаруашылық және өзге қызметке мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу, радиациялық ластанған аумақтарды шаруашылық айналысына қайтару жөнінде шаралар жүргізу.

#### **17-бап. Халыққа медициналық көмек ұйымдастыру**

Осы Заңда аталған адамдар кешенді медициналық тексеруден өткізуге жатады.

Оларды жеке есепке алу ісін қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік регистр құрылады.

Семей полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен адамдарға медициналық көмек көрсету және оларға кешенді медициналық тексеру жүргізу ісін солар тұратын немесе жұмыс істейтін жердегі денсаулық сақтау мекемелері жүзеге асырады. Бұл адамдарға кезектен тыс мамандандырылған медициналық қызмет көрсету ісін Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері жүзеге асырады.

Республикалық бюджетте республикалық орташа деңгеймен салыстырғанда бір тұрғынға 1,5 еседен келетіндей есеппен медициналық мекемелерді күтіп-ұстауға арналған қаражатты ұлғайтуды қамтамасыз ететін қаржыландыру жыл сайын көзделеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақтардағы денсаулық сақтау мекемелері үшін медициналық техника мен дәрілік заттардың нысаналы бөлінуін жыл сайын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**18-бап. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан туындаған, иондаушы сәулеленудің әсерімен байланысты аурулардың себепті байланысын анықтау**

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан туындаған, иондаушы сәулеленудің әсерімен байланысты аурулардың себепті байланысын анықтау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **6-тарау**

**Азаматтарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің экономикалық негіздері және лауазымды адамдардың жауапкершілігі**

**19-бап. Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

Азаматтарды осы Заңда көзделген әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар: республикалық және жергілікті бюджеттердің; кәсіпорындардың қаражаты; қайырмалдықтардың, қайырымдылық көмектің, сондай-ақ халықаралық қорлардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Халықты медициналық сауықтыру және аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту осы Заңның талаптары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.



Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.07.04 N 374 Заңымен; 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **20-бап. Осы Заңның бұзылғаны үшін жауаптылық**

Осы Заңның бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, материалдық, әкімшілік, қылмыстық жауапқа тартылады.

#### **7-тарау**

#### **Халықаралық шарттар**

#### **21-бап. Халықаралық шарттар**

Бұл Заң шетел азаматтарына халықаралық келісімдерге сәйкес қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының осы

Заңда жазылғаннан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*